

© А. Мергентай, 2017

**УДК 614.02**

**А. Мергентай**

## **2005-2015 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛҒАН НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

2014 жылғы қараша айында елбасының Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа жол» жолдауы мен «Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлттық жоспарды іске асыру мақсатында дайындалған, Денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған және 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламаларды ары қарай жалғастырушы болып табылады. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаның қорытындысы жүйеде болған кемшіліктерді анық көрсете білді. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауда айтылған денсаулық мемлекет дамуының маңызды факторы ретінде көрсетіп, сондай-ақ қызметкердің денсаулығы үшін, мемлекеттің, жұмыс беруші және оның өзінің ортақ жауапкершілікте болатын, денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі қағидасы деп айтылды. Еліміз әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 30 елдер қатарына кіру жөнінде жаңа міндеттер қойылып, денсаулық сақтау сапасының жоғары деңгейге жеткізу болып табылады.

*Кілт сөздер:* денсаулық сақтау, мемлекеттік бағдарлама, халық денсаулығы, медициналық-санитариялық алғашқы көмек

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа жол» атты Қазақстан халқына жолдауы мен «Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлттық жоспарды іске асыру мақсатында әзірленген, Денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған және 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік екі үлкен ірі бағдарлама және оның алдыңғы кезеңдерде «Халық денсаулығы», «Денсаулық жылы» атты мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатты [1, 2, 3].

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесі ұлттық және мемлекеттік модельдегі, жалпыға бірдей тегін және қолжетімді, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті бюджет қаржысымен қаржыландыру жүйесіне негізделген. Жалпы жүйе үш деңгейлі құрылымнан тұрады. 1) Орталық басқару органы – денсаулық сақтау министрлігі, стратегияның даму саласы мен саясаттын анықтап, медицина саланың алдында тұрған бағдарламалар мен міндеттердің орындалуын бақылай отырып, нормативтік-құқықтық базасын әзірлейді. 2) Өңірлік басқару органдарына 14 облыстық және 2 қалалық деңгейдегі денсаулық сақтау басқармасы кіреді. 3) Меншігіндегі жергілікті билік органдарға медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) және ауруханалық жәрдем көрсету бойынша аудандық және жергілікті деңгейдегі мекемелер жатады [5].

Денсаулық сақтау саласындағы реформалау және дамыту жолындағы 2005-

2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі іс-шарасы инфрақұрылымды құруға алғашқы бағытталған болатын. Осы кезеңде республикада 500-ден астам жаңа денсаулық сақтау нысандары салынып, 4000-нан астам аурухана және емхана күрделі жөндеуден өткізілді. Сонымен қатар мамандарды жақын және алыс шетелдің жетекші клиникаларында диагностикалау мен емдеудің жаңа технологияларын үйрену бойынша біршама шаралар жүргізді. Сондықтан мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асу деңгейі 60% құрады. Осы бағдарлама бойынша алғаш рет 2008 жылдан бастап халықты скринингтік қараудың 3 түрі енгізілді, МСАК-ге стационарда емдеуден амбулаториялық емдеуге көшірілді, жалпы практика дәрігері институтын дамыту арқылы МСАК-ні қайта құрды, халықаралық стандарттармен емдеу және медициналық қызмет көрсету жаңа технологияларына жүйелі түрде көшті, сондай-ақ ана мен бала денсаулығын нығайту қарастырылды [1].

Жоғарыда айтылған мемлекеттік бағдарламаның сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламаның мақсатты орташа өлшем қосындысы 0,578-0,589 диапозонды құрағанын көрсетті. Өз уақытында бағдарлама 60%-ға ғана орындалғанын нақтылайды. Ал «Денсаулық жылы» атты бағдарлама мақсатының жүзеге асырылудың орташа өлшемді қосынды көрсеткіші 0,83 құрап, бағдарламаның 85%-ға орындалғанын көрсете білді [5].

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2011-2015 жылдарға

1 кесте – Денсаулықтың негізгі нысаналы индикаторлардың көрсеткіштері

Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	2005-2010	2011-2015	2016	2017	2018	2019	2020
Күтілетін өмір сүру ұзақтығы	жас саны	68,41	71,4	71,8	72,2	72,6	72,77	73
Жалпы өлім-жітімі	1000 тұрғынға	8,94	7,35	7,1	6,9	6,7	6,5	6,3
Ана өлім-жітімінің көрсеткіші	1000 мың тірі туылғандарға шаққанда	16,5	11,8	11,2	10,6	10,1	10	9,7
Сәби өлім-жітімінің көрсеткіші	1000 мың тірі туылғандарға шаққанда	22,7	10,6	10,1	9,6	9,1	9,05	9,03

арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттері бойынша пациенттердің дәрігер мен медициналық ұйымды өз еркімен таңдауы, медициналық қызмет көрсетудің бәсекелес ортасын қалыптастыру және әрбір емдеп жазылған пациент үшін бірыңғай төлеуші арқылы медициналық қызметке ақы төлеуді көздейтін, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізіліп, медициналық туризм орталығы ретінде Ұлттық медициналық холдингтар құрылды [2].

Жоғарыда айтылып кеткен біраз іске асырылған шаралар денсаулықтың нысаналы көрсеткіштерін жақсартуға және де даму саласындағы мыңжылдық даму мақсаттарының жекелеген көрсеткіштеріне қол жеткізді, атап айтқанда, жалпы Қазақстан Республикасының халық саны 2010 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша 16441,9 санды құраса, ал 2016 жылы халық саны 17 млн 693 мың 5 адамға жетті. Күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2005-2010 жылдары 68,41 жас аралығын құраса, 2011-2015 жылы 71,4 жас болды, ал болжамдар бойынша болашақта 2020 жылдары 73 жасты жеткізетін күтіп отыр. Жалпы өлім 2005-2010 жылы 8,94 сан болса, 2017 жылдың мәліметтері бойынша 6,9 азайғаны байқалады. Ал сәби мен бала өлім-жітімін төмендетіп (2005-2010жж. - 22,7 көрсеткішке, ал 2017 жылы-9,6), ана өлін 2005-2010жж. - 16,5 санға, ал 2017 жылы-10,6 санға азайғаны байқалды (1-ші кесте).

2014 жылғы Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің сарапшылары «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске

асыру нәтижелері туралы пікірінде 6 негізгі бағыттың іске асырылған көрсетті:

1) профилактикалық іс-шараларды, скринингтік зерттеулерді күшейту, әлеуметтік маңызды негізгі бар ауруларды, жарақаттарды диагностикалау, емдеу және оңалтуды жетілдіру – **өте сәтті өткен;**

2) қоғамдық денсаулықты қорғау мәселесі бойынша сектораралық және ведомстволарлық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру – **айтарлықтай сәтті болды;**

3) санитариялық-эпидемиологиялық қызметті жетілдіру – **айтарлықтай сәтті болды;**

4) Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесіндегі медициналық көмекті ұйымдастыру, басқару және қаржыландыруды жетілдіру – **өте сәтті болған;**

5) медициналық, фармацевтикалық білім беруді жетілдіру; медицина инновациялық технологияны дамыту және енгізу – **сәтті;**

6) дәрі-дәрмектердің халық үшін қолжетімді болуы және сапасын арттыру, денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық техникамен жарақтандыруды жақсарту – **сәтті** болған деп көрсетті.

«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру түбегейлі жаңа өзара қарым-қатынастарға мүмкіндік берді. Мысалы: Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті түрінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің қызметке бірыңғай ақы төлеушісі құрылды. Ал жоғары мамандандырылған медициналық көмек, кардиохирургияда, интервенциялық араласулар мен трансплантологияда қол жетімді болды. Аурудың 11 түрі бойынша Ұлттық

скринингтік бағдарлама енгізілді. Кәсіби менеджментті енгізе отырып, мемлекеттік медициналық қызмет берушілердің дербестігін арттыру жөніндегі іс-шараларды бастады. Медициналық қызмет сапасын қамтамасыз ету тетіктері жасалды: ішкі аудит, сыртқы бақылау, аккредиттеу және медициналық көмекке ақы төлеудің халықаралық қағидалары (клиникалық-шығындық топтар, кешенді жанбасылық норматив, жаһандық бюджет) енгізілді. Сондай-ақ жылжымалы көліктік медицина алыс-шалғай жердегі халыққа көмек көрсете бастады [4].

Жоғарыда айтылғандарды қортындылай келе, отандық денсаулық сақтау саласында «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы өз кезеңінде көптеген мәселелерді шешті. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауларында айтылған денсаулық мемлекет дамуының маңызды факторы ретінде көрсетеді. Еліміз әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 30 елдер қатарына кіру бойынша жаңа міндет қойылып, ол денсаулық сақтау сапасының жоғары деңгейге жеткізу болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін келесі кезең 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын ары қарай жалғастырушы және жаңа қадамды, ұзақ мерзімді денсаулық сақтау үлгісі болып табылады.

### ӘДЕБИЕТ

1 Государственная программа реформирования и развития здравоохранения Республики Казахстан на 2005-2010 годы: утв.указом Президента РК от 29 ноября 2010 года №883

2 Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Саламатты Қазақстан» на 2011-2015 годы: утв.указом Президента РК 29 ноября 2010 года, №1113

3 Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Денсаулық» на 2016-2020 годы: утв.указом Президента РК от 15 января 2016 года, №176

4 ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспары III тарау 82-қадам

5 Сейдуманов С.Т. Научно-обоснованные подходы к стратегии развития здравоохранения Казахстана. – Алматы, 2010. – С. 16

### REFERENCES

1 Gosudarstvennaja programma reformirovanija i razvitija zdravooxranenija Respubliki Kazahstan na 2005-2010 gody: utv.ukazom Prezidenta RK ot 29 nojabrja 2010 goda №883

2 Gosudarstvennaja programma razvitija zdravooxranenija Respubliki Kazahstan «Salamatty Kazahstan» na 2011-2015 gody: utv.ukazom Prezidenta RK 29 nojabrja 2010 goda, №1113

3 Gosudarstvennaja programma razvitija zdravooxranenija Respubliki Kazahstan «Densaulyk» na 2016-2020 gody: utv.ukazom Prezidenta RK ot 15 janvarja 2016 goda, №176

4 ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспары III тарау 82-қадам

5 Sejdumanov S.T. Nauchno-obosnovannye podhody k strategii razvitija zdravooxranenija Kazahstana. – Almaty, 2010. – S.16

Поступила 10.05.2017

*A. Mergentay*

*RESULTS OF THE IMPLEMENTATION OF THE STATE DEVELOPMENT PROGRAM FOR HEALTH FOR 2005-2015  
Karaganda state medical university (Karaganda, Kazakhstan)*

The message of the Head of the State to the people of Kazakhstan dated November 11, 2014 «Нұрлыжол – the way to the future» and the National plan «100 concrete steps to implement the five institutional reforms» are a logical continuation of the previous state programs of healthcare reform and development for 2005-2010 and «Salamatty Kazakhstan» for 2011-2015. The results of the State Program «Salamatty Kazakhstan» most clearly demonstrated the existing shortcomings of the system. In his address to the people «Kazakhstan way – 2050: Unified Goal, Common Interests, Unified Future», the president defined health as a key factor in the development of the state, and outlined the basic principle of the development of the health system, expressed in the joint responsibility of the state, employer and employee for his health. The country faces a new challenge of becoming one of the 30 most competitive countries in the world, which also means achieving a high level of healthcare quality.

*Key words:* health care, state program, people's health, primary health care

*A. Mergentay*

*РЕЗУЛЬТАТЫ РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ В ОБЛАСТИ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ НА 2005-2015 ГОДЫ*

*Карагандинский государственный медицинский университет (Караганда, Казахстан)*

Послание Главы Государства народу Казахстана от 11 ноября 2014 г. «Нұрлыжол – путь в будущее» и Национальный план «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ» являются логиче-

## **Организация и экономика здравоохранения**

---

ским продолжением предыдущих государственных программ реформирования и развития здравоохранения на 2005-2010 гг. и «Саламатты Қазақстан» на 2011-2015 гг. Итоги Государственной программы «Саламатты Қазақстан» наиболее четко продемонстрировали имеющиеся недостатки системы. В своем Послании народу «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» президент определил здоровье как ключевой фактор развития государства, а также обозначил основной принцип развития системы здравоохранения, выраженный в солидарной ответственности государства, работодателя и работника за его здоровье. Перед страной поставлена новая задача по вхождению в число 30 наиболее конкурентоспособных стран мира, что означает также и достижение высокого уровня качества здравоохранения.

*Ключевые слова:* здравоохранение, государственная программа, здоровье народа, первичная медико-санитарная помощь